



Статистика, учет и аудит, 2(97)2025. стр. 103-117

DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2025.-2.08>

Экономика және менеджмент

FTAMP 06.39.41

ӨОЖ 338.24.01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ- КҮЙІ МЕН ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

А.Ш. Жұмаділла^{1*}, С.С. Ыдырыс², Р.М. Сихимбаев³, Р.Ұ. Маханбетова²

¹Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан

³Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*Corresponding author e-mail: sholpan.jan94@mail.ru

Аңдатпа. Зерттеу өзектілігі Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы үшін мұнай-газ саласының стратегиялық маңыздылығымен және өндіру мен экспорт көлемінің ауытқуы жағдайында мемлекеттік реттеу тиімділігін арттыру қажеттілігімен негізделді. Зерттеудің мақсаты – мұнай-газ саласындағы мемлекеттік реттеудің қазіргі жай-күйі мен оның тиімділігін кешенді бағалау. Жұмыста жүйелік және салыстырмалы талдау, сараптамалық бағалау, сондай-ақ статистикалық жинақтау мен деректерді визуализациялау әдістері қолданылды. Ресми статистикалық деректер мен нормативтік-құқықтық актілер негізінде мұнай мен газ өндірудің динамикасы, экспорт көлемі, сондай-ақ тасымалдау мен өңдеу үрдістері талданды. Зерттеу нәтижелері сала тұрақтылығына әсер ететін негізгі институционалдық және инфрақұрылымдық шектеулерді анықтауға мүмкіндік берді. Ішкі газ тапшылығы, қайта өңдеу қуаттарының жеткіліксіздігі және сыртқы факторларға тәуелділік сияқты мәселелер атап өтілді. Қорытындыда салықтық және инвестициялық саясатты жетілдіру, рұқсат беру рәсімдерін цифрландыру, экологиялық реттеу және кадр даярлау бағыттары бойынша нақты ұсыныстар берілді. Зерттеудің практикалық маңыздылығы – мұнай-газ саласын орнықты дамытудың ұлттық стратегиясын қалыптастыруда зерттеу нәтижелерін қолдану мүмкіндігінде.

Түйінді сөздер: мұнай-газ саласы, Қазақстан экономикасы, мұнай өндіру, газ өндіру, ЖІӨ, мемлекеттік реттеу, орнықты даму, нормативтік-құқықтық база.

Негізгі ережелер. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ саласын мемлекеттік реттеудің қазіргі жағдайы мен тиімділігіне кешенді баға берілді. Мұнай мен газ өндірудің, экспорт пен ішкі тұтыну көлемдерінің динамикасы талданып, саланың орнықты дамуына кедергі келтіретін институционалдық және инфрақұрылымдық шектеулер анықталды. Авторлар салықтық және инвестициялық ынталандыруды жетілдіру, лицензиялық рәсімдерді цифрландыру, экологиялық стандарттарды қатаңдату және адами капиталды дамыту бойынша нақты ұсыныстар ұсынды. Зерттеу нәтижелері мұнай-газ саласының ЖІӨ-дегі үлесін арттыруға және оның бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған реформаларды негіздеуге мүмкіндік береді.

Cite this article as: Zhumadilla A.Sh., Ydyrys S.S., Sikhimbayev R.M., Makhanbetova R.U. Assessment of the current state and effectiveness of state regulation of the economic development of the oil and gas industry of the republic of Kazakhstan. *Statistics, accounting and audit*. 2025, 2(97), 103-117. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2025.-2.08>



Кіріспе. Қазақстанның мұнай-газ индустриясы ішкі және әлемдік нарықтарға маңызды әсер ететін экономиканың маңызды сектор. Оның ағымдағы қызметінің нәтижелері елдің төлем балансының ағымдағы шотының сальдосын қалыптастыруға өз жәрдемін тигізеді. Ұлттық валюта бағамының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін түйінді мәнге ие.

Газ экспортынан түсетін кірістер мұнай мен мұнай өнімдеріне ішкі және сыртқы сұранысты қанағаттандырудың, сондай-ақ бюджетке валюталық және салықтық түсімдерді генерациялаудың маңыздылығын қамтамасыз ете отырып, ел бюджетіне айтарлықтай әсер етеді. Бұдан басқа, газ секторы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және Қазақстандық саяси стратегияларды ілгерілетуде шешуші рөл атқарады.

Қазіргі кезеңде мұнай-газ өнеркәсібі Қазақстан Республикасының экономикалық жүйесінде айрықша орынға ие болып отыр. Бұл сала ұлттық ішкі жалпы өнімнің (ЖІӨ) айтарлықтай бөлігін құрайды, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруда, валюта түсімдерін қамтамасыз етуде және экономиканың экспорттық әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарады. Қазақстанның мұнай және газ қорлары айтарлықтай ауқымды болғанымен, олардың тиімді әрі орнықты пайдаланылуын қамтамасыз ету, әсіресе жаһандық энергетикалық трансформация жағдайында, өзекті ғылыми және практикалық мәселе болып табылады.

Әлемдік нарықтағы мұнай мен газ бағасының тұрақсыздығы, жаһандық климаттық күн тәртібінің күшеюі және энергия тұтыну құрылымының өзгеруі Қазақстанның мұнай-газ секторына жаңа экономикалық және институционалдық талаптар қойып отыр. Бірқатар елдердің көмірсутекті отыннан біртіндеп бас тарту саясаты Қазақстанның экспорттық бағытына әсер етуі мүмкін. Мұнай-газ саласының қазіргі ахуалы бірқатар құрылымдық мәселелермен сипатталады, соның ішінде өңдеу инфрақұрылымының әлсіздігі, ішкі нарықтағы теңгерімсіздік және инвестициялық ортадағы тұрақсыздық. Бұл факторлар мемлекеттік реттеу тәсілдерін жүйелі түрде қайта қарауды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты мұнай-газ саласының ЖІӨ-ге қосқан үлесін, мұнайды тасымалдау көлемін, соңғы жылдардағы мұнай өндіру динамикасын және оның Қазақстандағы даму перспективаларын талдау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу ұсынылады: саланы дамытудың негізгі көрсеткіштерін бағалау; сектордың алдында тұрған негізгі мәселелер мен қиындықтарды анықтау; мемлекеттік реттеудің құқықтық және нормативтік базаларын зерделеу; мемлекеттік реттеудің тетіктері мен құралдарын анықтау; тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу үшін мемлекеттік реттеу жүйесін жақсарту жөнінде ұсынымдар беру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын мемлекеттік реттеудің тиімділігін бағалауға арналған кешенді тәсілді теориялық тұрғыдан негіздеу және эмпирикалық тұрғыдан қолдану арқылы айқындалады. Бұған дейінгі зерттеулерде институционалдық, құқықтық және инфрақұрылымдық аспектілер оқшауланған түрде қарастырылса, бұл жұмыста олар өзара байланыста, ішкі құрылымдық ерекшеліктер мен сыртқы макроэкономикалық факторларды ескере отырып, біртұтас әдіснамалық үлгі аясында зерделенген.

Зерттеудің маңыздылығы газ тапшылығы мәселесіне қатысты себеп-салдарлық байланыстарды қайта пайымдаумен ерекшеленеді. Яғни, газ тапшылығының негізгі себебі ретінде физикалық ресурстардың шектеулілігі емес, баға саясатының тиімсіздігі мен саланың инвестициялық тартымдылығының төмендігі негізделіп көрсетілген. Сонымен қатар, зерттеу барысында саланың ұзақмерзімді орнықты дамуын қамтамасыз



етуге бағытталған нақты реттеуші тетіктер кешені әзірленіп, олардың ғылыми негізделуі ұсынылған. Жұмыста тек ағымдағы проблемалармен шектелмей, геоэкономикалық тұрақсыздық жағдайында саланың даму сценарийлеріне қатысты болжамдық талдау жүргізіліп, экспорттық инфрақұрылымды әртараптандыру перспективалары қарастырылған. Сандық және сапалық әдістерді ұштастыра отырып жүзеге асырылған аралас әдіснама мемлекеттік араласудың институционалдық параметрлері мен саланың экономикалық тиімділік көрсеткіштері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды айқындауға мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу. Мұнай-газ саласындағы экономикалық дамуды мемлекеттік реттеу мәселелері – әлемдік және отандық ғылыми қауымдастық тарапынан кеңінен зерттеліп келе жатқан өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл саладағы зерттеулердің негізгі векторлары энергетикалық қауіпсіздік, инвестициялық саясат, салықтық реттеу және институционалдық механизмдердің тиімділігіне бағытталған [1].

Халықаралық әдебиетте мемлекеттік реттеудің трансформациялық аспектілері кеңінен қарастырылады. Мысалы, Bogmans С. және соавторлар өз еңбектерінде мұнай-газ саласындағы мемлекеттік саясаттың бейімделу қабілеттілігін нарықтық тұрақсыздық жағдайындағы инвестициялық климатпен байланыстырады [2]. Li L. және т.б. Қытайдың мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу мен цифрлық трансформацияның ықпалын талдай отырып, мемлекеттік араласудың нақты экономикалық тиімділігін көрсетуге тырысады [3]. AlGhamdi R. және т.б. Таяу Шығыс елдеріндегі энергия тиімділігі мен көміртекті төмендету стратегияларын сипаттайды, бұл Қазақстан үшін өзекті болып табылады [4].

Отандық әдебиетте де мұнай-газ секторындағы мемлекеттік реттеуге қатысты бірқатар маңызды еңбектер жарияланған. Brun L. Қазақстандағы мұнай-газ секторының институционалдық даму бағыттарын талдай келе, әкімшілік кедергілер мен құқықтық олқылықтарды негізгі шектеуші фактор ретінде көрсетеді [5]. Domalатов Ү. және т.б. мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін салалық басқару жүйесіне интеграциялаудың тиімділігіне назар аударады [6].

Сонымен қатар, OECD және World Bank жариялаған баяндамаларда Қазақстанда энергетикалық секторды басқарудың озық тәжірибелері мен құрылымдық реформаларға қажеттілік анық көрсетілген. Бұл дереккөздер отандық саясатты халықаралық стандарттармен салыстыруға мүмкіндік береді [7, 8].

Қазіргі заманғы зерттеулерде мұнай-газ жобаларының әлеуметтік-экологиялық аспектілеріне баса назар аударылады. Сулейменова және т.б. көмірсутек өндірудің қоршаған ортаға әсерін бағалау арқылы нормативтік-құқықтық реформалардың қажеттілігін дәлелдейді [9].

Материалдар мен әдістер. Зерттеу әдіснамасы мұнай-газ саласын мемлекеттік реттеу тиімділігін бағалауда жүйелі және сапалық тәсілдердің үйлесіміне негізделді. Әдістемелік тұрғыда нормативтік-құқықтық базаға және институционалдық құрылымдарға талдау жүргізілді, ал деректер негізінен ресми статистикалық және салалық есептерден алынды (Ұлттық статистика бюросы, ҚР Энергетика министрлігі, QazaqGaz, халықаралық энергетикалық агенттіктер).

Мемлекеттік реттеудің құқықтық және институционалдық тетіктері құрылымдық-функционалдық талдау арқылы қарастырылды. Бұл әдіс заңнамалық базаның, басқару жүйесінің және әкімшілік рәсімдердің өзара байланысын бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, кейс-талдау тәсілі қолданылып, Қазақстандағы мұнай-газ саласына тән нақты проблемалық жағдайлар зерделенді.



Сандық талдау тек ірілендірілген сипатта қолданылды. Атап айтқанда, саланың негізгі көрсеткіштері (өндіру, экспорт, инвестиция көлемі) бойынша деректер динамикасы визуализациялау және салыстырмалы талдау әдістері арқылы ұсынылды. Эконометриялық үлгілер, формалды теңдеулер немесе сценарийлік модельдеу қолданылған жоқ, сондықтан зерттеу сапалық сипаттағы бағалау мен институционалдық шолуға негізделді. Қолданылған әдістер зерттеу тақырыбының кешенді сипатын ескеруге және мемлекеттік реттеудің ағымдағы жай-күйіне баға беруге, сондай-ақ реформалау бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау. Қазақстанның мұнай-газ индустриясының тарихында негізгі назар мен инвестициялар мұнай өндіруге бағытталды, ал газ секторы көлеңкеде қалды.

Жалпы алғанда, соңғы жылдары жарияланған еңбектер мемлекеттік реттеу мен экономикалық даму арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге және ұлттық саясаттың тиімділігін арттыру тетіктерін ұсынуға бағытталған. Аталған зерттеулердің нәтижелері Қазақстандағы мұнай-газ секторын басқару тәжірибесін жетілдіруге ғылыми негіз бола алады.

Қазақстан-газды таза экспорттаушы мемлекет. Қазақстан Республикасында статистика агенттігі жариялаған статистикалық деректерге қарағанда, 2021 жылы елден шығарылған газ экспортының жалпы көлемі 16,0 млрд текше метрді құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 19,2%-ға төмен [10].

Қазақстан Республикасында табиғи газды экспорттаудың дәстүрлі нарықтық бағыттары өзгеріссіз қалуда, олардың басым бөлігі бұрынғысынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) мүше мемлекеттер мен Қытай Халық Республикасына бағытталған. 2023 жылғы ресми статистикалық деректерге сәйкес, Қазақстаннан экспортталған табиғи газдың жалпы көлемі 14,3 миллиард текше метрді құрады. Бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда біршама төмендегенімен, бағыттар бойынша құрылымдық өзгерістер байқалды.

Атап айтқанда, Қытай Қазақстан газының негізгі тұтынушысына айналды: 2023 жылы бұл елге тасымалданған газ көлемі 7,9 миллиард текше метрді құрап, жылдық өсім 6,8 пайызды көрсетті. Бұл өсім Қытай экономикасының өнеркәсіптік секторында газға деген сұраныстың артуымен, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы ұзақ мерзімді экспорттық келісімдердің жүзеге асуымен тікелей байланысты [11].

Керісінше, Ресей Федерациясына газ экспорты 2022 жылмен салыстырғанда төмендеп, 3,4 миллиард текше метр деңгейінде қалыптасты. Бұл өзгеріс Ресейдің ішкі өндіріс көлемінің артуы және газ нарығындағы ішкі қайта құрылымдармен түсіндіріледі. Бұған қоса, Қазақстан Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан сияқты өңірлік әріптес елдерге жалпы көлемі 2,1 миллиард текше метрден астам газ жеткізуді жүзеге асырды. Бұл жеткізілімдер энергетикалық тәуелділікті төмендету және өңірлік интеграцияны нығайту мақсатындағы екіжақты келісімдер негізінде орын алды. Сонымен қатар, Түркия, Грузия және Армения бағыттарында шағын көлемде газ экспорты тіркелді. Бұл бағыттар әзірге стратегиялық маңызға ие болмаса да, Қазақстан үшін экспорт географиясын әртараптандырудың әлеуетті арналары ретінде бағаланады [11].

Қазақстанда газ өнеркәсібін дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиясынан туындайтын болжамдарға сәйкес, 2024 жылға қарай қолданыстағы объектілерде табиғи газ өндіру шыңына жету күтілуде. Алайда, жаңа жобаларды іске қосу арқылы өндірістің ұлғаюын ескере отырып, ресурстардың тапшылығы болжанады.



Ішкі газ нарығына деген қажеттілік 2025 жылға қарай қол жетімді көлемнен 1,7 миллиард текше метрге асады деп болжануда. Бұл бірқатар факторларға, соның ішінде халықты газдандыру жоспарларына, автомобиль секторындағы газға сұраныстың артуына, төмен бағаларға, мемлекеттің араласуына, сондай-ақ газ-химия кешендері мен өндірістік кәсіпорындар сияқты жаңа ірі тұтынушылардың сұраныстарының өсуіне байланысты. QazaqGaz басқарма төрағасы С. Жаркешов Парламенттегі отырыста тапшылық 2024 жылы өзекті болатынын, бұл көрші елдерден, соның ішінде Ресейден, Түрікменстаннан және Өзбекстаннан газдың қосымша импортын қажет ететінін атап өтті. Ең үлкен тапшылық кезеңі алдағы бес жылда күтіледі [12].

2023 жылы Қазақстанда 90 миллион тонна мұнай мен газ конденсаты алынды, оның 70,5 миллион тоннасы ҚР Энергетика министрлігі ұсынған ақпаратқа сәйкес экспортқа жіберілді.

Экспорттың негізгі бағыты Каспий құбыр консорциумының (КҚК) мұнай құбыры болып табылады. Ол арқылы елдің барлық экспорттық мұнайының 80%-ы жіберілді, ол 56,5 миллион тоннадан сәл астам, оның ішінде 27,5 миллион тонна теңіз мұнайы, 9,6 миллион тонна Қарашығанақ мұнайы және 17,9 миллион тонна Қашаған мұнайы экспортталады. Тағы 1 миллион тонна басқа кен орындарынан жөнелтіледі.

2022 жылмен салыстырғанда республикада мұнай өндіру бір жылда шамамен 7%-ға өсті, экспорт 10%-ға, оның ішінде КҚК бағыты бойынша – 8%-ға өсті [13].

Қазақстан Республикасы аумағының 62% құрайтын едәуір бөлігін мұнай-газ қасиеттері бар учаскелер алып жатыр. Бұл учаскелерде 172 мұнай кен орны бар, олардың 80-нен астамы белсенді игеру сатысында. Мұнайдың жалпы қорының шамамен 90%-ы Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ және басқа да 15 ірі кен орындарында шоғырланған. Аталған кен орындары Қазақстанның он төрт облысының алтауында орналасқан: Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау. Көмірсутектер қорының шамамен 70%-ы елдің батыс бөлігінде шоғырланған [14].

Қазіргі уақытта КҚК мұнай құбыры Қазақстаннан әлемдік нарықтарға тасымалданатын мұнай экспорты үшін ең тиімді бағыт болып табылады. Ол ВТД немесе Қытайға немесе Иранға тасымалдау сияқты басқа маршруттармен салыстырғанда қысқа және үнемді жолмен ерекшеленеді.

Қазақстан мұнай экспортын әртараптандыру қажеттігін сезініп, баламалы бағыттарды іздеуде. Ресей арқылы өтетін негізгі маршруттар – «Теңіз–Новороссийск» және Шесхарис порты – геосаяси тәуекелдерге ұшырауда. Соғыс жағдайында бұл инфрақұрылым әскери шабуылдарға осал, сондықтан «ҚазТрансОйл» мұнайдың бір бөлігін Балтық теңізі бағытында қайта бағыттау мүмкіндігін қарастыруда. Алайда бұл порттар да қауіпсіз емес, сондықтан баламалы экспорт маршруттарын әзірлеу стратегиялық міндетке айналды.

Қазақстан әлемдік газ нарығында шағын үлеске ие болғанымен, өндіріс көлемі артып келеді. Дегенмен, ішкі нарықтағы тапшылық физикалық шектеулерден емес, бағалық реттеудің қатандығы мен өңдеу қуатының жеткіліксіздігінен туындайды. Газ жобаларының экономикалық тиімділігін арттыру үшін геологиялық барлау, жаңа инфрақұрылым салу және инвестициялық ынталандыру тетіктерін енгізу қажет.

Қарашығанақ, Қашаған және теңіз жобалары Қазақстан Республикасында табиғи газ өндірудің негізгі көздері болып табылады, газ өндірудің жалпы көлемінің 75%-дан астамын қамтамасыз етеді. Соңғы төрт жылда Қарашығанақ кен орнында өндіру көлемі іс жүзінде өзгеріссіз қалды, ал Теңіз және Қашаған кен орындарында үш жыл ішінде өндірістің біртіндеп өсуі байқалды [14].




Қазақстанда мұнай-газ саласын реттеу бірқатар заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады. Институционалдық-құқықтық базаға «Мұнай және газ туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Экологиялық кодекс» сияқты негізгі заңдармен қатар, олардың іске асырылуын нақтылайтын заңға тәуелді актілер де кіреді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 2015-2030 жылдар аралығында елді газдандыруды дамытудың басты жоспары іске асырылуда. Бұл жоспар «газ және газбен жабдықтау туралы» қазақстандық заңға сәйкес құрылды. Қазақстан Үкіметінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №1171 қаулысымен бекітілген [15].

Қазақстанның мұнай-газ саласын реттейтін заңнамалар қызметті лицензиялау, салық салу, экологиялық қауіпсіздік, шетелдік инвестиция және өндірістік процестерді бақылау мәселелерін қамтиды. Реттеу тетіктерінің тиімділігі мен ашықтығы саланың орнықты дамуы мен инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты құқықтық базаны заманауи талаптарға сай жетілдіру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Газ және газбен жабдықтау саласын реттейтін нормативтік жүйе Конституциялық қағидаттарға сүйеніп, заңнамалық және ведомстволық актілерден тұрады.

Қазіргі уақытта мұнай-газ саласында 1-суретте көрсетілген кейбір проблемалар бар.



Сурет 1 – Мұнай-газ саласы проблемалары

Ескерту: авторлар құрастырған



Қазақстанның мұнай-газ саласын тиімді реттеу үшін құрылымдық реформалар жүргізу қажет. Бұл реформалар экономиканы әртараптандыруға, технологиялық жаңғыртуға, экологиялық және кадрлық әлеуетті нығайтуға бағытталуы тиіс. Сала ЖІӨ-нің 11,3%-ын қамтамасыз етсе де, газ секторының үлесі төмен күйінде қалып отыр. Газ қорларының геологиялық күрделілігі мен құрамындағы күкірттің жоғары мөлшері өңдеуді қымбаттатып, инвестициялық тартымдылықты төмендетуде. Өндіру шығындарына сай келмейтін ішкі баға саясаты бұл бағыттағы даму мүмкіндіктерін шектейді [1].

Бұл көрсеткіштер сектормен байланысты фискалдық және валюталық кірістердің маңызын, сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштерге тәуелділіктің жоғары деңгейін білдіреді. Алайда мұндай құрылым экономикалық өсу мен тұрақтылықтың тек сыртқы факторларға тәуелді болуына әкеліп соғады. Мысалы, мұнай бағасының төмендеуі кезінде бюджет тапшылығы, ұлттық валюта девальвациясы және әлеуметтік шығындардың қысқаруы орын алуы мүмкін. Мұндай құбылыстар мемлекеттің реттеуші рөлін күшейтуді, соның ішінде ұзақмерзімді экономикалық стратегиялармен және заңнамалық негіздермен қамтамасыз етілген жан-жақты саясатты қажет етеді.

Қазақстанда табиғи газ өндіру көлемін ұлғайту перспективалы кен орындарын игеру арқылы жүзеге асырылуда. 2023 жылы Анабай, Ақсай-Южный, Шығыс Өріктау және Рожковское кен орындары бойынша нақты өндіріс басталды. Алайда кейбір жаңа жобалар қорлардың жеткіліксіздігі мен экономикалық тиімсіздікке байланысты жүзеге аспады.

2024 жылдың алғашқы бес айында мұнай өндіру 2,5%-ға өсіп, 38,1 млн тоннаға жетті. Техникалық іркілістер болмаса, бұл көрсеткіш одан да жоғары болар еді. 2019 жылы 90,6 млн тоннаға жеткен өндіріс кейінгі жылдары шектеулер мен жөндеу жұмыстары салдарынан төмендеді. Қазіргі таңда шамамен 295 кен орнында 100-ге жуық компания жұмыс істейді [11].


Сұйық көмірсутек өндіру 2024 жылы 80-90 млн тонна шегінде болады деп күтілуде. Жоспарланған 92,6 млн тонна көлемі 90,5 млн тоннаға түзетілді. ҚМГ ірі жобаларға қатысу үлесі арқылы өндіріске қатысады. 2023 жылы өндірілген газдың 41%-ы коммерциялық мақсатта пайдаланылса, қалғаны қайта айдау, энергия өндіру және басқа да технологиялық мақсаттарға жұмсалды (Кесте 1).

Кесте 1 – Ірі жобаларда газ өндіру және айдау көлемі, млрд м³

Атауы	млрд.м ³	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Теңіз	Өндіру	14,7	14,7	15,1	14,9	18,0	21,7
	айдау / үлесі	3,1(21%)	3,3 (22%)	3,3 (22%)	3,5 (24%)	6,4 (35%)	10 (46%)
Қарашығанақ	Өндіру	20,2	18,3	22,3	23,3	24,4	25,1
	айдау / үлесі	10,4(51%)	9,9(54%)	12,7 (57%)	13,5 (58%)	14,3 (59%)	16,1 (64%)
Қашаған	Өндіру	9,2	9,4	9,4	9,4	12,5	12,2
	айдау / үлесі	3,8(42%)	4,4 (46%)	4,1 (43%)	4,4 (46%)	5,4 (43%)	5,1 (42%)
Барлығы ірі жобалардан	Өндіру	44,1	42,4	46,8	47,7	54,9	59
	айдау / үлесі	17,2(39%)	17,6 (41%)	20 (43%)	21,3 (45%)	26,1 (48)	31,3 (53%)
Ескерту: дереккөз негізінде құрастырған [16]							



2015-2030 жылдарға арналған газдандырудың Бас схемасы ішкі тұтынуды ұлғайту және шығарындыларды азайту мақсатында қабылданды. 2022-2023 жылдары 412 елді мекен газбен қамтылып, 628 мың адам газ желісіне қосылды. Газдандыру деңгейі 2022 жылдың соңында 59%-ға жетіп, жоспардан асып түсті (Сурет 2).




Сурет 2 – Шикі мұнай мен табиғи газды өндіру көрсеткіштері

Ескерту: дереккөз негізінде құрастырған [15]

Берілген кестеде шикі мұнай мен табиғи газды өндірудің 2021, 2022 және 2023 жылдардағы көрсеткіштері көрсетілген. 2021 жылы өндіріс көлемі 8 296,50 деңгейінде болды, содан кейін 2022 жылы 11 662,6-ға дейін айтарлықтай өсім байқалды. Алайда, 2023 жылы аздап құлдырау орын алып, өндіріс көлемі 10 887,6 құрады. Осылайша, кесте 2022 жылы өндірістің өсу тенденциясын көрсетеді, оның орнына 2023 жылы орташа төмендеу болды.

3-суретте соңғы 5 жылдағы мұнай-газ саласындағы экспорт пен импортты талдау көрсетілген.



Сурет 3 – Мұнай-газ саласындағы экспорт пен импортты талдау

Ескерту: дереккөз негізінде құрастырған [15]

Суреттегі деректерге сәйкес, бүкіл талдау кезеңінде мұнай-газ өнімдерінің экспорты импорт көлемінен едәуір жоғары болды, бұл Қазақстанның көмірсутектерді ірі көлемде экспорттаушы ел ретіндегі орнын көрсетеді. 2020 жылы экспорт көлемі шарықтау шегіне жетіп, кейінгі жылдары төмендеу үрдісі байқалды. Бұл жаһандық сұраныстың азаюы, санкциялық қысымдар және ішкі өндірістік-логистикалық қиындықтармен байланысты болуы мүмкін.

Импорт көлемі 2019-2022 жылдар аралығында біртіндеп азайып, 2023 жылы сәл ғана өсті. Бұл ішкі өндірістің ұлғаюы немесе уақытша сұраныс пен жеткізу тізбегіндегі өзгерістердің салдары болуы ықтимал. Экспорт пен импорт көлемдерінің жалпы төмендеуі COVID-19 пандемиясының әсерімен және әлем елдерінің жаңартылатын энергия көздеріне көшу үрдісімен байланысты. 2022-2023 жылдары бұл көрсеткіштердің тұрақталуы сыртқы экономикалық ахуалдың біршама орнығуын және мұнай-газ секторындағы жаңа жағдайларға бейімделу үдерісін көрсете алады [5].

4-суретте мұнай-газ өнімі экспортының негізгі бағыттары көрсетілген.



Сурет 4 – Мұнай-газ өнімі экспортының негізгі бағыттары

Ескерту: дереккөз негізінде құрастырған [11]

2023 жылы Қазақстанның газ экспорты бағыттарының басым бөлігі Қытайға тиесілі болды. Бұл ел 1,48 млрд АҚШ доллары көлемінде немесе экспорттың 72%-ын құрады. Қытай тарапынан сұраныстың артуы өнеркәсіптік тұтынудың өсуі мен көміртегі шығарындыларын азайтуға бағытталған саясатпен байланысты.

Ресей қазақстандық газдың екінші ірі импорттаушысы болып, 2023 жылы 165 млн АҚШ долларына немесе 8,04% үлеске ие болды. Тәжікстан (5,78%), Түркия (4,36%) және Алжир (3,57%) де негізгі экспорттық бағыттар қатарында. Бұл көрсеткіштер қазақстандық газға сұраныстың артқанын және экспорт географиясының кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

Мұнай-газ саласын мемлекеттік реттеу жүйесі құрылымдық негізге ие болғанымен, заманауи технологиялық, экологиялық және нарықтық талаптарға толық сәйкес келмейді. Қолданыстағы заңнамалар көмірсутек өндіруге басымдық береді, ал инновациялық даму, көміртегі бейтараптығы және тұтынушы құқықтарын қорғау мәселелері жеткілікті қамтылмаған. 2022 жылы қабылданған 2026 жылға дейінгі газ саласын дамыту жоспары стратегиялық құжат ретінде танылғанымен, нақты іске асыру механизмдерінің жеткіліксіздігі байқалады.

Мұнай-газ секторы 2023 жылы мемлекеттік бюджеттің 27%-ын құрайтын салықтық түсімдермен қамтамасыз етіп, ел экономикасында маңызды рөл атқарды. Алайда, мұнай бағасына тәуелділік және мұнай экспортының негізгі бөлігі Ресей арқылы жүзеге асуы геосаяси қауіптерді күшейтіп отыр. Сол жылы тіркелген 1,7 млрд м³ газ тапшылығы баға реттеуінің әлсіздігі мен инвестициялық ынталандыру тетіктерінің жеткіліксіздігін көрсетті.

Реттеу жүйесінде өкілеттіктердің қайталануы, әкімшілік рәсімдердің күрделілігі және нормативтік-құқықтық актілердің үйлесімсіздігі құқықтық белгісіздікке алып келуде. Қазіргі реттеу жүйесі алдын ала жоспарлауға емес, салдарға жауап беру тәсіліне негізделген. Сондықтан болжаушы, тұрақты даму тетіктерін енгізу және реттеу тиімділігін жүйелі бағалау өзекті міндет болып саналады.

Қазақстанда мұнай-газ саласын мемлекеттік реттеу нормативтік-құқықтық актілер, лицензиялау, салық салу және мониторинг арқылы жүзеге асырылады. Мақсат – тұрақты даму, экологиялық жүктемені азайту және инвестициялық тартымдылықты арттыру. Бұл ретте «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы маңызды үйлестіруші рөл атқарады.

Реттеу тиімділігі мұнай мен газ өндірісі мен экспорты, инвестициялар көлемі және инновациялық технологиялардың енгізілу деңгейі бойынша бағаланады. Дегенмен, инфрақұрылымды жаңғырту, энергия теңгерімін әртараптандыру және экологиялық қауіпсіздік бойынша мәселелер өзекті күйінде қалып отыр.



Салада полиэтилен, метанол және каучук тәрізді мұнай-газ-химия өнімдерін өндіруге бағытталған ірі жобалар іске асырылуда. Бұл жобаларда заманауи, соның ішінде цифрлық технологиялар қолданылуда. 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдама аясында өндіріс көлемін 1,2 млн тоннаға дейін ұлғайту көзделген. Инвестициялық тартымдылықты арттыру мақсатында ұзақмерзімді салықтық жеңілдіктер мен арнайы келісім тетіктерін заңнамалық деңгейде бекіту ұсынылуда. Жобаларды мемлекеттік қолдау олардың экономикалық тиімділігіне қарай жеке тәртіпте жүзеге асырылады.

Қазақстанның мұнай-газ саласын тиімді реттеу үшін салық жүйесінің икемділігін арттыру, лицензиялық рәсімдерді цифрландыру, инвестициялық ынталандыру тетіктерін жетілдіру, экологиялық стандарттарды күшейту және адами капиталды дамыту қажет. Осы бағыттар шеңберінде арнайы экономикалық аймақтар құру, жергілікті қамту үлесін арттыру және салалық ашықтықты қамтамасыз ету ұсынылады. Қолданыстағы салықтық модельдің нарықтық құбылмалылыққа икемсіздігі жағдайында прогрессивті салық шкаласын енгізу – фискалдық тұрақтылық пен инвестициялық белсенділікті сақтау құралы ретінде қарастырылады.

Кесте 2 – Мұнайдың әлемдік бағасына байланысты ұсынылатын салық шкаласы

Мұнайдың орташа бағасы (АҚШ долл./баррель)	Ұсынылатын салық ставкасы (%)
40 доллардан төмен	5–7
40–70 доллар	10–15
70–100 доллар	18–22
100 доллардан жоғары	25–30
Ескерту: авторлар құрастырған	

Прогрессивті салық шкаласын енгізу мұнай бағасының өзгерісіне сәйкес салық ауыртпалығын икемді түрде бейімдеуге мүмкіндік береді. Төмен баға кезеңдерінде кәсіпорындарға жүктеме азайып, инвестициялық белсенділік сақталады, ал жоғары баға кезеңінде бюджетке қосымша кіріс түсуі қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның батыс өңірлерінде мұнай-газ кен орындарының басым бөлігі орналасқанымен, осы аймақтардағы индустриялық-инфрақұрылымдық әлеует толық көлемде іске аспай отыр. Салалық бағытталған арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) құру осы өңірлерде жоғары технологиялы өндірістерді дамытуға және өңдеуші инфрақұрылымды нығайтуға мүмкіндік береді.

Кесте 3 – Ұсынылатын арнайы экономикалық аймақтардың негізгі параметрлері

Көрсеткіш	Ұсынылатын сипаттама
Географиялық орналасуы	Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстары
Салықтық саясат	10 жылға дейін корпоративтік табыс салығынан босату
Кедендік саясат	Импорттық жабдықтарға баж салығынан босату
Мемлекеттік инфрақұрылым	Жол, логистика, энергетика салаларын мемлекеттік қаржыландыру
Инновациялық қолдау	Университеттер, ҒЗИ және технопарктермен ынтымақтастық
Ескерту: авторлар құрастырған	

Арнайы экономикалық аймақтар өңірлік даму мен инвестиция тартуды ынталандырады. Салықтық және инфрақұрылымдық жеңілдіктер өндірістік тізбектерді



кеңейтуге ықпал етеді. Салада экологиялық қауіпсіздік пен кадрлық әлеует мәселелерін кешенді түрде шешу қажеттілігі туындап отыр.

Кесте 4 – Экология және кадрлық саясатты жетілдіру тетіктері

Реформа бағыты	Негізгі шаралар	Күтілетін нәтиже
Экологиялық реттеу	Міндетті экологиялық аудит, «таза» технологияларды субсидиялау	Парниктік газдар шығарындыларын 25-30%-ға қысқарту
Кадрлық әлеуетті арттыру	Аймақтық оқыту орталықтары, халықаралық тағылымдамалар	Біліктілікті арттыру, кадрлардың сыртқа кетуін азайту
Ескерту: авторлар құрастырған		

Ұсынылған реформалар фискалдық саясат, әкімшілік рәсімдер, экологиялық реттеу және адами капиталды дамыту бағытындағы өзара байланысты құрылымдық өзгерістерді қамтиды. Олар мұнай-газ секторының жаһандық трансформация жағдайындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Зерттеу нәтижелері саланың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеуді жетілдірудің өзектілігін көрсетті. Салық жүйесінің икемділігі, лицензиялау рәсімдерінің цифрландырылуы, инфрақұрылымдық жаңғырту және экологиялық стандарттардың енгізілуі инвестициялық тартымдылықты арттыруға және саланың тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Ең алдымен, мұнай-газ саласы Қазақстан экономикасын қажетті энергиямен қамтамасыз етеді. Газ – өнеркәсіп, көлік және тұрмыстық қажеттіліктерде қолданылатын негізгі энергия көздерінің бірі. Дамыған инфрақұрылым мен газ қорларының болуы елдің халық пен кәсіпорындарды тұрақты әрі сенімді энергиямен жабдықтауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, газ – маңызды экспорттық ресурс. Қазақстан оны халықаралық нарыққа шығарып, экспорттық табысты ұлғайтып, шетелдік инвестициялар мен технологияларды тартуға жол ашады.

Газ саласының дамуы өңірлік әлеуметтік-экономикалық жағдайға да оң ықпал етеді. Газ өндіру және тасымалдау жобалары жаңа жұмыс орындарын ашып, шалғай аудандардағы инфрақұрылымды жақсартады. Саланы тиімді басқару үшін құқықтық реттеудің дәйектілігі мен институционалдық құрылымдардың үйлесімділігі басты рөл атқарады. Анықталған кемшіліктер нормативтік нормаларды жетілдіру қажеттігін айғақтайды.

Зерттеу Қазақстандағы мұнай-газ саласын мемлекеттік реттеудің тиімділігін кешенді бағалауға мүмкіндік берді. Саланың экономикалық әлеуеті жоғары болғанымен, тиімді реттеуді қамтамасыз етудегі басқарушылық және нормативтік үйлесімсіздіктер оның толық жүзеге асуына тосқауыл болуда.

Фискалдық икемділікті арттыру, әкімшілік рәсімдерді цифрландыру, институционалдық әлеуетті нығайту және экологиялық реттеуді жетілдіру – ұсынылған негізгі шаралар. Әсіресе, мұнай бағасының құбылмалылығына икемделетін салық жүйесінің маңыздылығы атап өтілді.

Зерттеудің кейбір шектеулері де бар: өңірлік кіріс және инвестициялық деректердің жеткіліксіздігі, талдаудың негізінен 2020-2023 жылдармен шектелуі және кейбір сапалық факторлардың (мысалы, әкімшілік үйлестіру деңгейі) эмпирикалық зерттелмегені.

Болашақ зерттеулерде көміртекті бейтараптық, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, геоэкономикалық өзгерістердің әсері және мұнай-газ жобаларының әлеуметтік тиімділігі сияқты бағыттарға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Технологиялық,



климаттық және институционалдық аспектілерді қамтитын орнықты даму үлгісі болашақ ғылыми ізденістердің басты бағыты болуы қажет.

Әдебиет тізімі

1. Закон Республики Казахстан от 20 июля 2011 года № 463-IV «О государственном регулировании производства и оборота отдельных видов нефтепродуктов». [Электронды ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31034349 (өтініш берілген күн: 10.12.2024).
2. Bogmans C., Pescatori A., Prifti E. The impact of climate policy on oil and gas investment: Evidence from firm-level data // *European Economic Review*. – 2024. – V. 165. – e. 104750.
3. Li L. et al. Study on the Impact of Digital Transformation on Carbon Emissions of Oil and Gas Companies // *E3S Web of Conferences*. – EDP Sciences, 2024. – V. 528. – e. 03022.
4. AlGhamdi R. A. The Impact of Science Curricula on Climate Change Mitigation in Saudi Arabia: A Sustainable Development Perspective // *Journal of Ecohumanism*. – 2025. – V. 4. – № 1. – P. 3797-3810.
5. Brun L., Urazaliyeva A. The Role of Public Management in Addressing Workforce Development Gaps in Kazakhstan's Oil & Gas Sector // *International Journal of Civil Service Reform and Practice*. – 2019. – V. 4. – № 1.
6. Domalatov Y. et al. Public-private partnership management strategy in the energy sector: Case of the republic of Kazakhstan // *Academy of Strategic Management Journal*. – 2022. – V. 21. – № 1. – C. 1-8.
7. IEA. Kazakhstan 2022 Energy Sector Review. – Paris: OECD Publishing, 2022. <https://doi.org/10.1787/73d1d69f-en> (өтініш берілген күн: 01.07.2025).
8. World Bank Group. Kazakhstan Country Climate and Development Report. [Электронды ресурс]. – URL: <https://openknowledge.worldbank.org/entities/publication/dabff214-772e-50b4-89d9-a172e99acc3> (өтініш берілген күн: 01.07.2025).
9. Сулейменова И., Мухамедханова А. Анализ социальных и экологических аспектов нефтегазовых проектов в Казахстане // *Вестник КазУЭФМТ*. – 2024. – № 4 (57). – С. 8-15.
10. Gas Dilemma: Abundant Gas Industry in Kazakhstan Faces Critical Challenges. The Astana Times. [Электронды ресурс]. – URL: <https://astanatimes.com/2023/04/gas-dilemma-abundant-gas-industry-in-kazakhstan-faces-critical-challenges/> (өтініш берілген күн: 17.05.2025).
11. Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. Национальные счета Республики Казахстан. [Электронды ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz> (өтініш берілген күн: 10.12.2024).
12. QazaqGaz. Қазақстанда газ тапшылығы 2024 жылы өзекті болады. [Электронды ресурс]. – URL: <https://qazaqgaz.kz/news/gas-shortage-2024> (өтініш берілген күн: 17.05.2025).
13. Reuters. Kazakhstan plans 12% increase in CPC oil exports in March, energy ministry says. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.reuters.com/business/energy/kazakhstan-plans-12-increase-caspian-crc-oil-exports-march-energy-ministry-says-2025-03-04/> (өтініш берілген күн: 17.05.2025).
14. Казахстанская ассоциация организаций нефтегазового и энергетического комплекса «KAZENERGY». Национальный энергетический доклад. [Электронный ресурс]. – URL: https://www.kazenergy.com/upload/document/energy-report/NationalReport21_ru_2.pdf (өтініш берілген күн: 17.05.2025).
15. Об утверждении Генеральной схемы газификации Республики Казахстан на 2015-2030 годы // ИПС «Әділет». [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400001171> (өтініш берілген күн: 10.12.2024).
16. Enerdata. KazMunayGas's oil production in Kazakhstan slightly increased in 2024. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.enerdata.net/publications/daily-energy-news/kazmunaygass-oil-production-kazakhstan-slightly-increased-2024.html> (өтініш берілген күн: 17.05.2025).

References

1. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 20 iyulya 2011 goda № 463-IV “O gosudarstvennom regulirovanii proizvodstva i oborota otdel'nykh vidov nefteproduktov”. Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31034349 (date of access: 10.12.2024).
2. Bogmans C., Pescatori A., Prifti E. The impact of climate policy on oil and gas investment: Evidence from firm-level data. *European Economic Review*, 2024, 165, e.104750.
3. Li L. et al. Study on the Impact of Digital Transformation on Carbon Emissions of Oil and Gas Companies. *E3S Web of Conferences*. EDP Sciences, 2024, 528, e.03022.
4. AlGhamdi R. A. The Impact of Science Curricula on Climate Change Mitigation in Saudi Arabia: A Sustainable Development Perspective. *Journal of Ecohumanism*, 2025, 4(1), pp. 3797-3810.



5. Brun L., Urazaliyeva A. The Role of Public Management in Addressing Workforce Development Gaps in Kazakhstan's Oil & Gas Sector. *International Journal of Civil Service Reform and Practice*, 2019, 4(1).
6. Domalotov Y. et al. Public-private partnership management strategy in the energy sector: Case of the republic of Kazakhstan. *Academy of Strategic Management Journal*, 2022, 21(1), pp.1-8.
7. IEA. Kazakhstan 2022 Energy Sector Review. – Paris: OECD Publishing, 2022. <https://doi.org/10.1787/73d1d69f-en> (date of access: 01.07.2025).
8. World Bank Group. Kazakhstan Country Climate and Development Report. [Electronic resource]. Available at: <https://openknowledge.worldbank.org/entities/publication/dabff214-772e-50b4-89d9-a172e99acc3> (date of access: 01.07.2025).
9. Suleimenova I., Mukhamedkhanova A. Analiz social'nyh i ekologicheskikh aspektov neftegazovykh proektov v Kazahstane [Analysis of the social and environmental aspects of oil and gas projects in Kazakhstan]. *Vestnik KazUEFMT*, 2024, 4(57), pp. 8-15 (In Russian).
10. Gas Dilemma: Abundant Gas Industry in Kazakhstan Faces Critical Challenges. The Astana Times. [Electronic resource]. Available at: <https://astanatimes.com/2023/04/gas-dilemma-abundant-gas-industry-in-kazakhstan-faces-critical-challenges/> (date of access: 17.05.2025).
11. Komitet po statistike Ministerstva natsional'noi ekonomiki Respubliki Kazakhstan. Natsional'nye scheta Respubliki Kazakhstan. Available at: <https://stat.gov.kz> (date of access: 10.12.2024).
12. QazaqGaz. Kazakhstan gaz tapshylygy 2024 zhylgy ózekti bolady. Available at: <https://qazaqgaz.kz/news/gas-shortage-2024> (date of access: 17.05.2025).
13. Reuters. Kazakhstan plans 12% increase in CPC oil exports in March, energy ministry says. Available at: <https://www.reuters.com/business/energy/kazakhstan-plans-12-increase-caspian-cpc-oil-exports-march-energy-ministry-says-2025-03-04/> (date of access: 17.05.2025).
14. Kazahstanskaya asociaciya organizacij neftegazovogo i energeticheskogo kompleksa «KAZENERGY». Nacional'nyj energeticheskij doklad. Available at: https://www.kazenergy.com/upload/document/energy-report/NationalReport21_ru_2.pdf (date of access: 17.05.2025).
15. Ob utverzhdenii General'noi skhemy gazifikatsii Respubliki Kazakhstan na 2015-2030 gody. IPS «Ədilet». Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400001171> (date of access: 10.12.2024).
16. Enerdata. KazMunayGas's oil production in Kazakhstan slightly increased in 2024. Available at: <https://www.enerdata.net/publications/daily-energy-news/kazmunaygass-oil-production-kazakhstan-slightly-increased-2024.html> (date of access: 17.05.2025).

ОЦЕНКА СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ И ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

А.Ш. Жумадилла^{1*}, С.С. Ыдырыс², Р.М. Сихимбаев³, Р.У. Маханбетова²

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, г. Туркестан, Казахстан

²Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан

³Карагандинский университет Казпотребсоюза, г. Караганда, Казахстан

Резюме. Актуальность исследования обусловлена стратегической значимостью нефтегазового сектора для экономического развития Республики Казахстан, а также необходимостью повышения эффективности государственного регулирования в условиях колебаний объемов добычи и экспорта. Целью работы является комплексная оценка современного состояния и результативности механизмов государственного регулирования в нефтегазовой отрасли. В исследовании применялись методы системного и сравнительного анализа, экспертной оценки, а также статистического обобщения и визуализации данных. На основе официальных статистических источников и нормативно-правовой базы проведен анализ динамики добычи нефти и газа, объемов экспорта, а также тенденций в транспортировке и переработке углеводородов. Результаты работы позволили выявить ключевые институциональные и инфраструктурные ограничения, влияющие на устойчивость сектора. Выделены проблемные аспекты, связанные с внутренним дефицитом газа, ограниченностью перерабатывающих мощностей, а также высокой зависимостью от внешнеэкономических факторов. В заключении сформулированы рекомендации по совершенствованию налогово-инвестиционной политики, цифровизации разрешительных процедур, экологическому регулированию и кадровой подготовке.



Практическая значимость исследования заключается в возможности использования его выводов при разработке стратегии устойчивого развития нефтегазового сектора и усилении его вклада в ВВП страны.

Ключевые слова: нефтегазовая отрасль, экономика Казахстана, добыча нефти, добыча газа, ВВП, государственное регулирование, устойчивое развитие, нормативно-правовая база.

ASSESSMENT OF THE CURRENT STATE AND EFFECTIVENESS OF STATE REGULATION OF THE ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE OIL AND GAS INDUSTRY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

A.Sh. Zhumadilla^{1*}, S.S. Ydyrys², R.M. Sikhimbayev³, R.U. Makhanbetova²

¹H.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

²International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

³Karaganda university of Kazpotreboysuz, Karaganda, Kazakhstan

Summary. The relevance of this study is determined by the strategic importance of the oil and gas sector for the economic development of the Republic of Kazakhstan, as well as the need to improve the effectiveness of state regulation under conditions of fluctuating production and export volumes. The aim of the research is to conduct a comprehensive assessment of the current state and effectiveness of government regulation in the oil and gas industry. The study employed methods of system and comparative analysis, expert evaluation, as well as statistical generalization and data visualization techniques. Based on official statistical sources and legal documents, the paper analyzes the dynamics of oil and gas production, export volumes, and trends in transportation and processing. The findings reveal key institutional and infrastructural constraints affecting the sector's stability. Among the identified challenges are internal gas shortages, limited processing capacities, and high dependence on external economic factors. The paper provides concrete recommendations on improving tax and investment policy, digitalizing permitting procedures, enhancing environmental regulation, and strengthening workforce development. The practical significance of the study lies in its potential to inform the development of a national strategy for the sustainable growth of the oil and gas sector and its contribution to the country's GDP.

Keywords: oil and gas industry, economy of Kazakhstan, oil production, gas production, GDP, government regulation, sustainable development, regulatory framework.

Авторлар туралы мәлімет:

Жұмаділла Шолпан Абибуллақызы* – PhD докторанты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, e-mail: sholpan.jan94@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0004-7525-327X>

Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы – экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Қонақжайлылық» мектебінің профессоры; Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан, e-mail: serikbay-s@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

Сихимбаев Мұратбай Рыздықбайұлы – Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; e-mail: smurat@yandex.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8763-6145>

Маханбетова Ұлмекен Рахметұллаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан, e-mail: mahan_ulmeken@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5172-0380>

Информация об авторах:

Жумадилла Шолпан Абибуллаевна* – PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясауи, Туркестан, Казахстан, e-mail: sholpan.jan94@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0004-7525-327X>

Идырис Серикбай Садуақасұлы – доктор экономических наук, профессор; профессор школы «Гостеприимства», Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан, e-mail: serikbay-s@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>



Сихимбаев Муратбай Рыздыкбаевич – доктор экономических наук, профессор, Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан, e-mail: smurat@yandex.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8763-6145>

Маханбетова Улмекен Рахметуллаевна – кандидат экономических наук, и.о. ассоциированного профессора; Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан, e-mail: mahan_ulmeken@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5172-0380>

Information about the authors:

Zhumadilla Sholpan Abibullaqyzy* – doctoral student, H.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: sholpan.jan94@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0004-7525-327X>

Ydyrys Serikbay Saduakasuly - Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the school of Hospitality; International University of Tourism and Hospitality; Turkestan, Kazakhstan, e-mail: serikbay-s@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

Sikhimbayev Muratbay Ryzdikbayevich – Doctor of Economic Sciences, Professor, Karaganda university of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: smurat@yandex.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8763-6145>

Makhanbetova Ulmeken Rakhmetullayevna – Candidate of Economic Sciences, Acting Associate Professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: mahan_ulmeken@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5172-0380>

Получено: 29.09.2024

Принято к рассмотрению: 23.10.2024

Доступно онлайн: 30.06.2025